ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
09-06/1646
26. 03. 21.

«Жастарға қолдау көрсету» ҚҚ

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті (бұдан әрі – Департамент) «Шығармашыл жастарды қолдау бойынша қызметтер» лот 39481982-ГСЗ1 мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру шеңберінде конкурс нәтижелерімен келіспеуге қатысты 2021 жылғы 9 наурыздағы № 91144 шағымыңызды қарап, атап айтқанда «Жобаны іске асыру нәтижелерінің тиімділігін бағалау индикаторларының болуы» туралы толық емес ақпарат бөлігінде келесіні хабарлайды.

Алдын ала бақылау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» № 12 Қосымшасының (бұдан әрі – Ережелер) 8-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші техникалық ерекшелікте сандық, сапалық индикаторлардың, сондай-ақ салым, процесс индикаторларының, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді нәтижелердің болуын көрсетуі қажет.

«G-38» жастар көшбасшылары қоры» ҚҚ өтінімінде сандық және сапалық индикаторлар, оның ішінде салым, процесс, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді нәтижелер индикаторлары көрсетілген.

Осыған байланысты, конкурстық комиссия берген балл (6 балл) қолданыстағы Ережелерге сәйкес келеді.

Жауаппен келіспеген жағдайда Сіз өз өтінішіңізді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағымдануға құқылысыз.

Департамент басшысының орынбасары **Е. Байгалық**

Орынд.: А.Акурпеков
Тел: 279-40-89